

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 14 тамыздағы № а-8/233 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 тамызда № 7991 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Астана-Өріс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2025 жылдың 22 шілдесіне дейінгі мерзімге Ерейментау ауданы Сілеті ауылының әкімшілік шекараларында пайдалы қазбаларды барлауды жүргізу үшін жалпы аланы 1225,8 гектар жер участеклеріне, оның ішінде 589,9 гектар ауданының босалқы жерлерінен мұндай жерді меншікке немесе жер пайдалануға алмай және 635,9 гектар жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы жерлерден жер участеклерін алып қоймaston қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Астана-Өріс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі пайдалы қазбаларды барлауды жүргізу үшін жер участеклерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Н. Ыбыраевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау ауданының әкімі

А.Альжанов